

**Гонконг қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 653 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Гонконг қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Жәнібек Сәлімұлы Кәрібжановқа қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан көрсетілген Келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

**Гонконг қаласында (Қытай Халық Республикасы) Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ноталар алмасу нысанындағы келісім**

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігіне өзінің зор ілтипатын білдіре отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан мынадай мазмұндағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы ноталармен алмасу нысанындағы Келісім жасасуды ұсынуды өзіне мәртебе санайды:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі (бұдан әрі "Тараптар" деп аталады), екі ел арасындағы достық қатынастарды дамытуға екі жақты ұмтылысты негізге ала отырып, достық консультациялар нәтижесінде Қытай Халық Республикасының Сянган арнайы әкімшілік ауданында Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құру туралы келісімге қол жеткізді және мыналар т у р а л ы у а ғ д а л а с т ы :

1. Қытай Халық Республикасының Үкіметі консулдық округі Сянган арнайы әкімшілік ауданы мен Аомынь арнайы әкімшілік ауданын қамтитын Қытай Халық Республикасының Сянган арнайы әкімшілік ауданында Қазақстан Республикасының Бас консулдығын құруға келісті.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қытай Халық Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында Қытай Халық Республикасының Бас консулдығын құру туралы құқығын сақтауға келісті. Бас консулдың консулдық округінің орны мен саласына байланысты мәселелер дипломатиялық арналар бойынша жеке шешілетін болады.

3. Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясына және өз мемлекеттерінің ішкі заңнамасына сүйеніп және тепе-теңдік қағидатын негізге ала отырып, екі Тарап мемлекетінің Бас консулдықтарын құру мен консулдық функцияларды атқару үшін қажетті көмек көрсетуге және жағдай жасауға міндеттенеді.

4. Тараптар достық және өзара түсіністік рухында, сондай-ақ 1963 жылғы 24 сәуірдегі консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясын және халықаралық дәстүрлерді негізге ала отырып, екі мемлекет арасындағы консулдық мәселелерді тиісті түрде шешетін болады".

Егер Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қытай Халық Республикасының Үкіметі атынан жоғарыда баяндалған мазмұнды таныса, онда осы нота мен Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы жеке Келісімді құрайды, ол Қытай Халық Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жауап нотасына қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Елшілігі осы мүмкіндікті пайдалана отырып, өзінің Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігіне деген зор құрметін тағы да куәландырады.

Пекин қаласы, 2003 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

*Қытай Халық Республикасының*

*Сыртқы істер министрлігі*